

Көсембай негізгі мектебі

## **Ішкі тәртіп ережелері**

2023-2024 оқу жылы

Казакстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлігінің  
2016 жылғы 14 қанчтардагы  
№26 бұйрығына сәйкес,  
31 тамыз 2023-2024 оку жылының  
№1 педагогикалық кеңес қаулысымен  
бекітілген мектепшілік  
ішкі тәртіп ережесі

Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы  
«Косембай негізгі мектебі» КММ-нің  
2023-2024 оку жылына ариалған мектепшілік ішкі тәртіп ережелері

«Косембай негізгі мектебі» КММ-і өз жұмысында Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Запын, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары, КР «Білім туралы», «Неке және отбасы туралы», «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Зандары мен басқа да заңдылыктары және Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 14 қанчтардагы №26 бұйрығы кабылданған. Қазақстан Республикасындагы білім беру саласындағы орталық атқарушы орган мен білім беруді басқару органдарының шешімдерін және осы Ережелерді басшылыққа алады.

**«Косембай негізгі мектебі» КММ-нің маңыздылығы:**

1. Жалпы білім бағдарламаларындағы білім мазмұнының міндеттері деңгейін игерту негізінде оқушылардың жалпы ғылыми, жалпы мәдени дайындығының калыптастыру, оқушыларды қоғамдық өмірге алеуметтік жағынан бейімдеу, қасіппі енбек түрін саналы түрде тандауга, менигеруге негіз калау, азаматтыққа, елжандылыққа, Отанын сүюге тәрбиелеу.
2. Мектеп оқыту мен тәрбиелеуді жеке тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің мүддесін көздей отырып жүргізеді, жеке тұлғаның және жақты дамуына колайлы жағдайларды, оқушылардың өздігінен косымша білім алудың қажетті мүмкіндіктерді жасайды.
3. Мектеп жалпы білімнің сапасына, оның білім берудің мемлекеттік жиһізы міндетті стандартымен сәйкестігіне, білім беру процесіндегі үйымдастыру түрлерінің, әдістері мен күралдарының оқушылардың жас және психологиялық-физиологиялық ерекшеліктеріне, бейімлеріне, кабілеттеріне, мүдделеріне, олардың өмірі мен деңсаулығын корғау таланттарына сәйкес болуына заңды түрде жауап береді.
4. Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2021 жылғы «25» тамыздагы №36 қаулысына сәйкес сабак өтү.
5. Оқушылар мектептің тәртібін орындауга, жақсы оқуга, мүлкін сактауга, баскалардың адамгершілік қасиеттерін сыйлауга, ішкі тәртіп ережелерін сактауга міндетті.

**1. Жалпы тәртіп ережелері**

- Мектеп кызметкерлері кестеге сәйкес мектеп директорымен бекітілген.  
шолак комитетімен келісілген бойынша оларға ұсынылған лауазымдық  
1.2. Педагогикалық кызметкерлер жұмыс орынында сабак басталардан 15 минут  
бұрын болуы кажет. Сыныпқа келу және қоныраудан кейін себепсіз дайындалу  
оку тәртібін бұзу болып табылады;
- 1.3. Әкімшілік педагогикалық кызметкерлерге кезекшілік беліп береді. (косымша  
№1) Кезекшілік оку сабактарының басында 20 минут кешіктірілмей басталуы  
керек және соңғы сабактан 20 минуттан кейін аяқталады. Кезекшілік кестесі  
жасапдақ үйымы комитетімен келісіліп, директормен бекітіледі. Кезекшілер  
нектыланған жерлерге бекітіліп және жауаптылар болып табылады:
- 1) тәртіпке; 2) санитарлы жағдайға; 3) өзінің нысанының және болініп берілген  
аумағының эстетика түріне жауапты.
- 1.4. Педагогикалық кызметкерлер барлық мектептің және когамдық шараларға  
оку жүктемесінің санына қарамай, жұмыс уақытының 40 сағат көлемінде  
ұзактығын арттырмай катысулары міндетті;
- 1.5. Мектеп әкімшілігі оқытушылардың сағат жүктемелерін қабылданған  
нормаларға мектептің мүмкіншілігіне және қызыгушылық басылымдықтары  
негізінде мектеп мұғалімдерінің біліктілік мінездемелерін ескере отырып  
сабактастық және толық қанды принциптеріне карай бөлініп беріледі;
- 1.6. Мектептегі оку сабактары оку жоспары негізінде директормен бекітілген  
кестеге сәйкес, міндетті түрде орындау үшін өткізіледі;
- 1.7. Сабактар кестесі мектеп әкімшілігімен оку материалын жағымды қабылдауды  
ескере отырып, еңбек тәртібінің киындық деңгейлерімен, окушылардың  
демалулары және Сан ережелерімен (санитарлы ережелер және нормалар)  
талаптарын сақтаумен жасалады;
- 1.8. Мұғалім сабак кезінде сыныптан шығуға немесе басқа да бөтен кызметтермен  
айналысуга құқығы жок. Сабак барысында мұғалім окушылардың өміріне,  
денсаулықтарына және қауіпсіздіктеріне жауаптылық алады;

## 1. Оқыту мен тәрбиелеу үрдісін ұйымдастыру тәртібі

- 1.9. Мемлекеттік мекеме жүзеге асыратын мамандандырылған жалпы білім  
беретін оку бағдарламалары білім берудің келесі деңгейлерін қамтиды:
- 1) негізгі саты (5 – 9 сыныптар) – окушыларды гылым негіздерін менгеруге және  
тұлғааралық, этноаралық қарым-қатынастың жоғары мәдениетін калыптастыруға  
бағытталған, негұрлым күрделі танымдық үрдістерге көшу үшін арнайы еп-  
дагдыларды қалыптастыратын, окушыларға оқытудың дараланған  
бағдарламаларын таңдауға мүмкіндік беретін, тиісті білімдер саласында ерте  
бейіндеуді жүзеге асыратын базалық білім беру;
- 1.11. Мамандандырылған білім беру үйимдарындағы жұмыс формалары мен  
әдістері: интеллектуалды дарынды окушыларды оқытуға қолданылатын, әрине,  
шығармашылық сипаттагы әдістер жетекші және негізгі болып табылады – жеке  
және толтық жұмыс формасы негізіндегі проблемалық, ізденушілік,  
эвристикалық, зерттеушілік, жобалау жұмыстары.
- 1.12. Мамандандырылған жалпы білім беретін оку бағдарламалары негізгі орта,  
жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оку бағдарламалары негізінде

әзірленеді және білім алушылардың ғылым, мәдениет, өнер, спорт негіздерін терең менгеруіне, олардың шығармашылық әлеуеттері мен дарын-кабілеттерін дамытуға бағытталған.

1.13. Мемлекеттік мекемедегі білім беру үрдісі Қазақстан Республикасының білім берудің жалпыға міндепті мемлекеттік стандарттары негізінде жасалған оқу бағдарламалары мен жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

1.14. Білім беру үрдісінде, сондай-ак, республикалық «Дарын» ғылыми-практикалық орталығы әзірлеген, мамандандырылған мектептерге арналған оқу бағдарламалары, мемлекеттік мекеменің педагогтарының жалпыға міндепті мемлекеттік стандарттары негізінде жасаган, жоғары оқу орындарының ғылыми жетекшілері қолдаган авторлық бағдарламалары қолданылады.

1.15. Мемлекеттік мекемеде оқыту мемлекеттік тілде жүргізіледі. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер ағылшын тілінде оқытылады.

1.16. Мемлекеттік мекеме окушылардың сұранысына және кадрлық әлеует мүмкіндіктеріне сәйкес ішкі бейіндеу пәндерінің, сондай-ак, колданбалы курстар мен факультативтерінің білімдік бағыттарын анықтайды.

Сыныптарды бөлу, өзгермелі вариативтік кесте, деңгейлік болу, тандау пәндері мен косымша сабактар жүйесі арқылы жалпы орта білім беру деңгейінде бейіндік дараалауды Мемлекеттік мекеме толық күн тәртібінде жүзеге асырады.

1.17. Оқитындардың және /немесе/ олардың ата-аналарының /олардың орнына жүрген тұлғалардың/ қалауы бойынша Мекемелерде әр түрлі бағыттарда пәндер терендетіліп оқытылады.

1.18. Негізгі жалпы және орта /толық/ жалпы білім беру сатыларының жалпы білім беру бағдарламаларын менгеру мектеп түлектерін міндепті корытынды аттестаттаумен аяқталады; көшіру және қайта оқыту Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нұсқаулығына сәйкес жүргізіледі.

1.19. КР «Білім туралы Занының» 31 бабы, 3 тармағына сәйкес білім алушылар құқықка карсы әрекеттер жасаганы, білім беру үйымдарының жарғысын өрекел және бірнеше рет бұзғаны үшін педагогикалық көңестің шешімі бойынша мектептен шығылады.

## 2. Педагогтердің құқығы және міндептері

### Мектептің педагогикалық қызметкерлері

2.1. Сабактарды өткізу уақытында мектепте өткізілетін (сабактарда), сыныптан тыс, мектептен тыс шараларда балалар өмірі мен денсаулығы үшін толық жауаптылық алады;

2.2. Окушылардың жарапаттануларының барлық жағдайында шапшан түрде мектеп әкімшілігіне хабарлайды, сонымен коса тиісті органдарга (жедел жәрдем, өрт бөліміне және т.б.);

2.3. Ұжым арасында этикалық нормаларды және этиканы сактауға баулуды катаң сактау;

2.4. Ғылыми-зерттеушілік, тәжірибелік-сын tactamalық жұмыспен айналысу, жаңа әдістемелер мен технологияларды педагогикалық практикаға енгізу.

### Мектептің педагогикалық қызметкерлерінің міндептері:

Педагогикалық кадрларды аттестаттау Ережесіне сәйкес 5 жылда бір рет аттестаттаудан өтеді, жүйелі біліктілігін арттырады, жұмыс сапасын арттыру бойынша шараларды жүзеге асырады, педагогикалық тәжірибелі тараталы және менгереді;

2.5. Мектепте отетін барлық шараларга сабак кестесіне қарамай катысуға міндетті;

2.6. Жылға бекітілген такырыптық жұмыс жоспары, әр сағатқа сабак жоспары, сыйып сағатымен коса болуы және мектеп құжаттарын уақытылы және сапалы толтыруға міндетті;

2.7. КР білім беру жүйесінде қызметкерлер лауазымдары және мамандық Тізімдемесін лауазым мен мамандық бойынша жұмыстарды біріктіруге міндетті. Мектептің кәсіподак комитетімен келісілгені бойынша мектеп әкімшілігі мамандықтарды (лауазымдарды) біріктіруге руксат етеді;

2.8. Директордың барлық бүйіркітаратын және директордың орынбасарларының өкімдерін уақытылы мерзімде орындалды. Енбек дауы бойынша көліспеген жағдайда арыздануға құқылы;

2.9. Лауазым нұскамаларымен және ережелерімен, ішкі енбек тәртіп ережелерімен, жалпы білім беретін мектебі Жарғысымен, КР заннамаларымен оларға арттырылған, міндеттерді катан орындауга, абыроймен және адал жұмыс жасауға міндетті;

2.10. Мектептің негізгі тәртіппері – енбек тәртібін сактауға, уақытылы жұмыска келуге, бекітілген жұмыс күні үзактығын сактауға, оларға артылған міндеттерді әсерлі орындауга және оны шығармашылық үшін колдануға, енбек міндеттерін орындауда қызметкерге кедергі келтіретін жағдайлардан тартынуға, білім беру үйімі директорының өкімдерін нақты орындауга міндетті;

2.11. Коғамдық орындарда және тұрмыста, жұмыстарда жоғары моральді және қадір-қасиетті мінездे үлгі болуға міндетті, балаларға көңіл коюға, окушылардың ата-аналарына, ұжым мүшелеріне сыпайы болуға;

2.12. Техника қауіпсіздігі бойынша, мекеме тазалығына және өрт қауіпсіздігіне қарастырылған нұскамалар мен ережелерге сәйкес сактауға, барлық жаракаттану жағдайлары жөнінде әкімшілікке жылдам хабарлауға міндетті;

2.13. Мемлекеттік меншікті корғау және бекіту (құрылғыларды, қурал-саймандарды, оку көрнекіліктерін т.б.) электр энергиясын, материалдарды үнемдел шығындау, окушыларды мектеп мүлкін ұқыпты сактауға тәрбиелеу. Өзінің жұмыс орнын тазалық тәртібінде сактауға міндетті;

2.14. Мектепшілік құжаттарды уақытылы жүргізуға міндетті (журналдар, күнделіктер, окушылардың үлгерім табельдері);

2.15. Мектеп әкімшілігіне педагогтер төтенше және стандартты емес жағдайлар болған туралы жедел түрде мектеп әкімшілігіне хабарлауға міндетті (жедел жәрдем, өрт бөлімшесіне және т.б.);

2.16. Педагогтердің сыртқы түрі, киімі іскерлік стилінде, ұқыпты, тазалыққа сәйкес болуы қажет;

2.17. Жыл сайын белгіленген мерзімде дәрігерлік тексерістен өту туралы нұскамаларға сәйкес отулері қажет;

2.18. Білім бөлімі немесе мектеп директорының бүйіркітаратын шараларды жүзеге асырады.

спортың жарыстарға және басқа шараларға қатысуға, көгамдық тапсырмаларды орындау үшін мектеп сабактарынан окушылар босатылады;

2.19. Окушылардың өмірлік дағдыларын, дербестігін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ету;

2.20. Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемкорлықка карсы саясатын іске асыру мақсатында сыйбайлас жемкорлықка карсы іс-кимылдарды орындауы тиіс;

### **Педагогикалық қызметкерлерге тыйым салынады:**

2.21. Өзінің ыңғайы бойынша сабактар кестесін (сабактарды) және жұмыс кестесін өзгертуге; сабактарды және олардын арасындағы үзілісті алып тастауга, үзартуға және қыскартуға тыйым салынады;

2.22. Оку үрдісімен байланыспайтын, оку жылы уақытында окушыларды жұмыстарға аландатуға, окушыларды сабактардан шыгаруға тыйым салынады;

2.23. Шылым шегуге, спирттік ішімдіктерді ішуге мектеп аумагында және онын бекітілген аумагында тыйым салынады; 2.22. Мұгалім окушы сабакқа кешігіп келсе, сабакқа кіргізбеуге құқысы жок. Егер окушы оку құралдарын үйде ұмыткан жағдайда, мұгалім баланы үйге жіберуге немесе сыныптан шыгарып тастауга құқығы жок;

2.24. Мектеп кабырғасында сауда операцияларын жүргізуғе тыым салынады;

### **Сынып жетекшілердің міндеті:**

**Сынып жетекшілер, мектеп педагогтарына тән құқыққа ие, сондай-ақ олар міндетті:**

2.25. Балалардың денсаулығын сактау, олардың жеке бас ерекшеліктерін зерттеу, ата-анамен байланысты болу, педагогикалық білімді насиҳаттауға;

2.26. Өзі тағайындалған сыныпта басқа пән мұғалімдерімен психологпен окушылардың өзін-өзі басқару үйымдарымен тығыз байланыста болуға;

2.27. Педагогикалық бірінғай сапалы окушыларға мектеп пән жанұя жағынан қоя отырып, ата-аналармен тұрақты байланысты қолдап, дұрыс межеге жетуді көздеуге;

2.28. Қажет болған сәтте окушыға оку жөнін көмек беруді үйимдастыруға;

2.29. Сыныпта белгіленген құжаттарды жүргізуғе мектеп әкімшілігіне үлгерім, баланың тәртібі мен сабакқа қатысуы жөнінде мәліметтер беруге, күнделіктердің жайын қарап, оны үнемі аптасына бір рет текстерпіп отыруға;

2.30. Сынып жетекшілер ата-аналар комитетімен біріге отырып, үлгермейтін, сабакты жіңі босататын балалардың ата-аналардың үйлеріне жүйелі түрде барады, қажет жағдайда жазбаша акті жасауға;

2.31. Оқушының денсаулығын қадағалайды, тәрбие жұмыстарын жүргізді, оларды қоғамдық-пайдалы жұмыстарға тартып, кабинеттегі тазалықты бақылауға;

2.32. Оқушылардың интеллекті мен эрудициясын дамытып, жоғары адамгершілік үгым мен сананы дағдыландыру мақсатымен сыныптан тыс тәрбие

- жұмыстарын ұйымдастырып, саяхаттар мен жорыктарға шығарып, сыйнып сағаттарын өткізіп отыруға;
- 2.33. Дарынды балалардың кабілеттерін танып білу, білімін дамыту, жан-жакты қалыптастыру ретінде рейтингі картасын жасауга;
- 2.34. Өзіне бекітілген сыйныптағы пәндердің оку бағдарламасынын, жалпы орта білім стандартынын орындалуын, оқушылардың тұлға ретінде, адамгершілік карым-кәтинастарының дамуына қолайлы жағдай жасауга;
- 2.35. Оқушының бас бостандығы мен құқығын сактауга, өмірі, денсаулығы үшін жауап беруге;
- 2.36. Сыйнып жетекшісі ез білімі мен біліктілігін арттыруға, кәсіптік біліктілігі мен мәдениеттілігін көтеруге;
- 2.37. Тоқсанына бір рет ата-аналар жиналышын өткізуге;
- 2.38. Білім алушының тұрмыс жағдайымен танысу мақсатында ата-аналардың үйлеріне баруга.

### **Білуге міндетті:**

- 2.39. Қазақстан Республикасының Конституциясын, Заннамаларын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Бала құқығы туралы» конвенциясын және басқа білім беру мәселесі жөнінде нормативтік құқықтық актілерді;
- 2.40. Педагогика, жас ерекшеліктер психология негіздерін, оқыту әдістемесін;
- 2.41. Мектеп гигиенасын, физиология, алеуметтану негіздерін;
- 2.42. Қазіргі заманғы ғылым мен техниканың жетістіктерін;
- 2.43. Әдістемелік-бағдарламалық күжаттарды;
- 2.44. Еңбек заннамаларын, еңбек коргаудың нормасы мен ережесін;
- 2.45. Техникалық қауіпсіздік пен өртке карсы корғанысты;
- 2.46. Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа карсы саясатын іске асыру мақсатында сыйбайлас жемқорлыққа карсы іс-кимылдарды орындауы тиіс.

### **3. Әкімшіліктің құқығы мен міндеттері :**

- 3.1. Ұжым арасында этика нормаларын және этиканы сактауга баулуды катан сақтауга;
- 3.2. Оқушылардың ата-аналарымен (заңды өкілдерімен), ұжымда деңі сау микроклимат және моральді психологиялық жағдай жасауга;
- 3.3. Мектеп қызметкерлері еңбегін олардың мамандықтары мен біліктілігіне сәйкес үйымдастыруға, олардың әрбіріне нақты жұмыс орнын бекітіп, уакытылы сабактар кестесімен және жұмыстар кестесімен таныстыруға;
- 3.4. Қауіпсіз оку және еңбек жағдайын, болмелердің дұрысты жағдайын, жылу, жарық, желдету, құрал-саймандар және басқа да құрылғылармен камтамасыз ету;
- 3.5. Тәртіпті катап сактауды, үнемі үйымдастырушылық және тәрбие жұмыстарын жүзеге асыруды, жұмыс уакытын жоюға бағытталған, еңбек ресурстарын тиімді пайдалануға, тұрақты, еңбек және қалыпты жағдайын мектеп жұмыстары үшін қалыптастыруды камтамасыз ету; 3.6. Еңбек тәртібін бұзушыларға уакытылы шара колдану;
- 3.7. Еңбек ұжымына іскер, шығармашылық тұрғыда, қызметкерлердің беделін дамытуға жәнебарлық шарада қолдауга әсер ету. Қызметкерлер ұсыныстарын мектеп қызметтерін жақсартуғабағытталғандарды қарастыру;

3.8. Білім беру үрдісінің сапасын қадағалау сабактарға қатысумен және талдаумен, әкімшіліктік бақылау жұмыстарын және т.б., өткізу, сабактар кестесін сактаумен, білім беру бағдарламасын, оку жоспарын, оку кестесі күнтізбесін орындауда жүзеге асырылады. Бетен адамдар сынып (топ) сабагына мектеп директорының және директордың орынбасарлары рұксатымен ғана қатысуларына болады, сабак басталғаннан кейін есепке алынбаған жағдайда сыныпка (топка) кіру мектеп директоры мен оның орынбасарына ғана рұксат етіледі. Педагогикалық қызметкерлерге олардың жұмыстары бойынша ескерту жасау оқушылардың қатысуларымен (сабак) оқыту жүргізу уақытында рұксат етілмейді;

3.9. Оқушылар мен қызметкерлердің барлық міндеттерді және техника қауіпсіздігі бойынша, ерт қауіпсіздігі, санитарлық және гигиена бойынша үнемі нұскамаларды сактауларын және білімдерін бақылау. Оқушылар мен қызметкерлердің жарақаттануларының алдын алу бойынша, кәсіби және басқа да аурулардың алдын алуда қажетті шараларды колдану;

3.10. Педагогикалық және басқа да мектептің қызметкерлерінің жүйелі біліктіліктерін арттыруды қамтамасыз ету;

3.11. Еылыми енбекті ұйымдастыруды ендіру үшін, жұмыстар сапасын арттыру бойынша шараларды жүзеге асыра отырып, қызметкерлердің алдынғы тәжірибелерін ендіре жәнетарата отырып жағдай жасау. Педагогикалық қызметкерлер бекітілген мерзімде аттестаттау жүргізу текүкүлі;

3.12. Мектепті басқаруга қызметкерлердің қатысуларын, еңбек ұжымының жиналышын қолдана отырып, мекеме кенестерін және басқа да қоғамдық өзін-өзі басқаруларын қамтамасыз ету. Қызметкерлердің сынаған

ескертулерін қарастырып және олармен қолданған шаралар туралы хабарлау;

3.13. Еңбек міндеттерін үлгілі орындауда, енбектегі жаңартулар және жұмыстағы басқа да жетістіктер мектептің кәсіподак комитетімен келісілгені бойынша мадақтаулар жүйесін қолдануға;

3.14. Бекітілген тәртіpte, мектеп директорының бүйрүгімен мұғалімге оку жұмысында қосымшаға әдістемелік жұмыстардың басқа да құрылымдары, оку кабинеттерінің жетекшілігі, оку шеберханалары, бағдарлануды ұйымдастыру;

3.15. Мектеп әкімшілігі төтенше жағдайларда шапшан болған жағдай туралы жоғарыдағы және компетентті органдарға (жедел жәрдем, ерт бөлімі және т.б.) хабарлайды. Қажетті жағдайда дәрігерлік көмек көрсетіліп және жедел жәрдем бригадасын шакыртады;

3.16. Мектеп әкімшілігі міндеттерді орындауда қабылданған шешімді кәсіподак комитетімен келіседі, сонымен катар мектептің еңбек ұжымының өкілеттілігін ескереді;

3.17. Кезекші әкімшілік мектеп директорының бүйрүгі негізінде директор орынбасарымен бекітіледі (қосымша №1);

3.18. Мектепшілік тәртіп бірыңғай болып табылады және педагогикалық қызметкерлер бұл тәртіпті орындауга міндетті.

3.18. Мектепшілік тәртіпті бұзғаны үшін мектеп қызметкерлеріне жариялайды:

- ескерту;
- сөгіс;

- жұмыстар босату;
- 3.19. Жұмыстагы жоғары көрсеткіштері, лауазымдық міндеттерін жауапкершілікпен орындағандары, шыгармашылыты және талаптары үшін қызметкер марапатталады;
- 3.20. Ішкі еңбек тәртібінің Ережелерін орындалуын бакылау мектеп әкімшілігі және кәсіподак бірлестігіне жүктелген.
- 3.25. Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемкорлыққа карсы саясатын іскеасыру максатында сыйбайлас жемкорлыққа карсы іс-кимылдарды орындауды тиіс;

#### **4. Оқушылардың тәртіп сактау ережесі**

##### **Жалпы ережелері**

Әр окушы өз бойында Қазақстан Республикасының жас азаматының жоғары адамгершілік касиеттерін қалыптастыруға міндетті.

- 4.1. Мектептің режимдік кесте негізінде таңертенгі жаттыгу жасауга;
- 4.2. Себепсіз сабакты босатпауга, кешікпеуге;
- 4.3. Үй тапсырмасын уақытында орындана отыруга, мектеп бағдарламасымен шектеліп кана қоймай, ізденіп гылыми жұмыстарды орындауга, мүмкіндігіне қарай олимпиада, конференцияларға қатысуға;
- 4.4. Қабілеттіне, қызығушылығына қарай түрлі үйірмелерге катысуга, қоғамдық жұмыстарға белсene араласуга;
- 4.5. Мектеп мүлкін, басқа жабдықтарын сактауға, бұлдірмеуге бұлдірген жағдайда ата-анасы шығынның орнын толтыруға;
- 4.6. Мектеп және қоғамдық орындарда өзін мәдениетті ұстауға, дерекілік көрсетпеуге, нормага жатпайтын лексиканы қолданбауга;
- 4.7. Жасы кішіге, алсіздерге, жаңадан келген оқушыларға үстемдік, өктемдік жасамауга;
- 4.8. Мектептің барлық мұғалімдерімен, мектепке арнайы келген қонақтарымен, техникалық қызметкерлермен таныс болмаса да сәлемдесіп жүргүте;
- 4.9. Мектепте сағызыды қолдануға, түкірмеуге, ластамауга, темекі шегуге, насыбай атуға, алкоголь ішімдіктері мен есірткі, адам өміріне каяіп тудыратын үшкір заттар мен газ баллондарын, токсикологиялық заттарын әкелуге және оны қолданбауга;
- 4.10. Өздеріне және баскаларға каяіп туғызатын заттар әкелуге және каяіп төндіретін әрекеттер жасауга;
- 4.11. Оқу-тәрбие үрдісі кезінде ұялы телефон ұстамауга;
- 4.12. Ғылым мен білімнің негізін калап, өз білімін жетілдіруге;
- 4.13. Сабакқа кешікпей таза, ұқыпты киініп сабакқа керекті құрал-жабдықтарымен дайын келуге;
- 4.14. Кунделікті толтырып ұқыпты жүргізуге;
- 4.15. Мектеп ішіндегі, мектеп аудасындағы жұмыстарға қатысуга;
- 4.16. Өрт каяіпсіздігі, жол ережелерін оқып-білуге және каяіпсіздік техника ережелерін катаң сактауға;
- 4.17. Мектептің қоғамдық-мәдени іс-шараларына, оқушылардың өзін-өзі басқару үйіміна белсендік танытуға;

- 4.18. Мектептің, өзінің және басқанын мүлкін сактауга, мектеп ауласындағы тазалық пен тәртіпті сактауга;
- 4.19. Біреудін затын рұксатсыз немделбеуге, тауып алған затты кезекші мүгалімге тапсыруға;
- 4.20. Сабак кезінде медбикенің немесе сынып жетекшінің рұксатынсыз кетпеуге;
- 4.21. Босатылған сабактар үшін окушы сынып жетекшігে анықтама немесе ата-анасынан ескертпе қағаз әкелуге;
- 4.22. Жүйелі түрде спортпен айналысып, салауатты өмір салтын сактауга;
- 4.23. Заманауи талапка сай мәдениет пен техниканы менгеріп, әр түрлі шығармашылық қабілеттерін дамытуға;
- 4.24. Өз енбегін дұрыс ұйымдастырып, уакытты үнемді пайдалануға;
- 4.25. Қоғамдық орындар мен көшеде әдеп ережесін сактауга;
- 4.26. Достарына адап болып, мектеп үйімінің тұтастығын сактап, оның пайдалы жақтарын дамытуға;
- 4.27. Ұстаздардың енбегіне құрметпен карауга, мүгалімдердің, окушылардың өзін-өзі басқару үйімінің талаптарын белсенді колдап, орындауга;
- 4.28. Мектеп формасын, Алғашқы әскери дайындық, дene шынықтыру пәндерінің бекітілген киім үлгісін оку үрдісінде катап түрде сактауга;
- 4.29. Окушы міндетті мектеп формасына койылатын талаптарды орындауга, білім беру үйімінде белгіленген киім формасын сактауға міндетті, өз діни нағымдары, себептері бойынша орамал тартып жүргүре (хиджаб) рұхсат етілмейді.
- 4.30. Окушыға сай шаш өсіру талабын сактауға тиісті.
- 4.31. Сабактан себепсіз қалмауга, сабактан 3 күн себепсіз қалған жағдайда мектеп әкімшілігі шара колданады;
- 4.32. Дәлелді себептермен катыспаған жағдайда сабактан калу себебі көрсетілген құжатты 3 күн ішінде тапсыру керек;

### *Үзіліс кезіндегі окушының міндеті*

1. Өзінің жұмыс орнын тәртіпке келтіру, тазарту;
2. Окушы мектептің ішінде окушының қауіпсіздігі үшін тыйым салынған (мектептің төбесі, асхана, физикалық, химиялық лаборатория) орындардан басқа жерлерде еркін жүруіне болады;
3. Үзіліс кезінде мектеп ауласынан шыгу үшін кезекшіден рұксат сұрауга;
4. Үзіліс кезінде окушыларға бірін-бірі итеруге, бір нәрсені лактыруға, күш колдануына болмайды;
5. Терезе жактауында отыруға, өз бетімен терезені ашуға катап тыйым салынады;
6. Үзіліс кезінде окушылар баспалдактармен жүтіруге, ойынга арналмаған жерлерде, терезеге жақын жерлерде жүруіне болмайды;
7. Кезекші сынып, кезекші мүгалімге үзіліс кезіндегі тәртіпке көмектесуге;

### *Сабак кезіндегі тартиғ*

1. Мүгалім сыныпқа кіргенде окушылар орындарынан тұрады, амандасады. Осы жағдай сабакқа үлкен кісілер келгенде кайталанады.
2. Сабак кезінде өзінің де өзгенің де керекті білімін алуына кедергі жасайтындашту, бөтөн әнгіме, сабакқа керек емес заттар болмауы керек.

3. Егер окушы мұғалімге сұрап койғысы келсе, не жауап бергісі келсе қолын көтереді.
4. Әр түрлі даулы маселелерге байланысты пікір білдіргендеге өз көзкарасында қалуга күкігы бар.

#### ***Окушының сыртқы түріне кеңес (кеңілдеме)***

1. Окушы мектепке сабакқа ариалған мұнтаздай киіммен келу керек.
2. Киім жас ерекшелігіне сәйкес және иесінің озіне, ортасына құрмет білліретіндегі болуы керек.
3. Окушының мектепке зергерлік бүйімдарды көп тағып келмеуіне, опа-далапты пайдаланбауына кеңес береді.
4. Спорттық киімдерді тек дене шынықтыру сабагында гана кию керек.
5. Ерекше жағдайда болмаса, мектепте сыртқы киіммен жүруге рұксат етілмейді.
6. Еңбек сабагында ұлдар жұмыс халатын, қыздар-алжапқыш, сәйкес бас киім киеді.
7. Күнде окушылар мектеп формасын киүгө міндетті.
8. Мерекелік кештерде, концерттерде окушылар өз тандауы бойынша киінеді.

#### ***Окушылардың асханадагы өзін-өзі ұстауды***

1. Тамактану кезінде өзін жақсы мәнермен лайықты ұстауды керек.
2. Окушылар асхана қызметкерлеріне құрметпен карауды керек.
3. Қасындағы көршілерін алаңдатпау үшін окушы тамактану кезінде катты сойлеуіне болмайды.
4. Окушы тамақтанып болған соң үстелді жинайды, орындықты орнына кояды.
5. Асханада сыртқы киіммен тамактануға болмайды.

#### ***Сыныптағы кезекшінің міндеті***

1. Кезекшілер сынып кезекшілігіне сәйкес белгіленеді.
2. Кезекшілер мұғалімге сыныпты келесі сабакқа дайындауга көмектеседі, жинастыру жұмыстарын жүргізеді.
3. Үзіліс кезінде кезекші окушы сыныпты желдетеді, мұғалімнің келесі сабакқа керекті көрнекіліктерін ілуғе көмектеседі, мұғалім өтінсе дәптерлерді таратады.
4. Сабак сонында кезекші окушылар сынып бөлмесін келесі оку күніне дайындауды (жиназдардың шаңы сұртіледі, ғұлғе су құйылады).

#### ***Мектеп бойынша кезекшіліктің міндеттері***

1. Кезекшілікті 6-10 сынып окушылары аткарады.
2. Мектепке кірерде тәменгі сынып окушыларына сырт киімін шешуге көмектеседі.
3. Киім іletін орынды қадағалайды.
4. Мектептегі өздеріне бөлінген орындардың тазалығы мен тәртібін қадағалайды.
5. Кезекшінің окушылар тәртіп бұзған жағдайда дене күш колдануына болмайды.

#### ***5. Ата-аналардың (зәңды өкілдерінің) міндеттері:***

- 5.1 Өз балаларының тәрбиесіне жауаптылық алуға, олардың негізгі орта және жалпы орта (толық) білім алу үшін жағдай жасауға, окушылардың сабактарға

- күнделікті қатысуларын қалағалау;
- 5.2. Жетістікте оқыту және тәрбиелеу үшін кажетті құралдармен қамтамасыз етуге жауаптылық алу, онын ішінде спорттық форма, ауыстыратын аяқ киім, енбекке бауду үшін формамен қамтамасыз ету;
- 5.3. Балага қоғамдық жерлерде журу тәртібін үйретуге тиіс;
- 5.4. Кез-келген діни, басқа да жағымсыз әсер ететін ұйымдардан коргаута міндепті;
- 5.5. Қолданыстағы қарастырылатын заннамалармен, окушымен мектеп мүлкіне келтірілген шығынды орнына толтыруға көмек көрсетуге міндепті;
- 5.6. Шакырту шарасы бойынша жалпы мектептік ата-аналар жиналышына және сынып жиналышына педагогтер, әкімшілік шакыртулары бойынша мектепке келулері;
- 5.7. Окушыны сабактан босату тек гана денсаулығына байланысты дәрігердің анықтамасы бойынша рұқсат етіледі;
- 5.8. Тұган күндерді мектепте отқызуға және соған байланысты дастархан жаюға тыым салынады;
- 5.9. Мектеп мұғалімдеріне кымбат сыйлық жасауға тыым салынады;
- 5.10. Окушының мекен-жайы, байланыс телефоны өзгерген жағдайда уақытында сынып жетекшігে хабарлауға міндепті;
- 5.11. Ата –аналар комитетінің іс-шараларына катысып және мектеп әкімшілігі мен педагогикалық ұжыммен бірігіп жұмыс жүргізуге міндепті;
- 5.12. Мектеп қызметкерлері құқығы мен еңбегін құрметтеуғе міндепті;
- 5.13. Әр ата-ана ҚР қолданыстағы заннамалары нормаларын, осы Ережелерді және Жарғы талаптарын орындауды.
- 5.14. ҚР «Білім туралы» заңының 49 бабы 2 пунктінде байланысты ата-аналар мектепішілік, сыныпшілік ата-аналар жиналышына катысуга міндепті;
- 5.15. Өздерінінкабілеттері және каржылық мүмкіндіктері шегінде баланың дамуы үшін кажетті өмір суру жағдайын қамтамасыз етуге негізгі жауапкершілікті алуға(Бала құқықтары туралы Конвенциясының 27 бабының 2 тармақшасы).
- 5.16. Баланы тәрбиелеуге, оны күтіп-багуды жүзеге асыруға, материалдық жағынан колдауға, оның әл-ауқатына қамкорлық жасауға, тұрғын үй мен қамтамасыз етуге (Қазақстан Республикасы «Баланың құқықтары туралы» Занының 24 бабының 2-тармақшасы).
- 5.17. Балага алкогольді ішімдіктерді, темекіні және темекі бұйымдарын сатуға және пайдалануға тыым салуға;(Қазақстан Республикасы «Балалар құқықтары туралы» Занының 37 бабының 2-тармақшасы).
- 5.18. Балаларды оқыту мен тәрбиелеуде білім беру үйымдарына жәрдем көрсетуге, балалардың оку орнындағы сабакка баруын қамтамасыз етуге;(Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Занының 49-бабының 3-тармақшасы).
- 5.19. Балалардың білім беру үйымдарында белгіленген кім үлгісін сақтануына;(Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Занының 47-бабының 15-1 тармақшасы).

## **Ата-аналар (занды өкілдері) құқығы:**

- 5.20. Балалардың занды құқықтары мен мұддесін коргауға;
- 5.21. КР қазіргі заңнамаларына және мектептің Жарғысына сәйкес мектепті басқаруға қатысуға;
- 5.22. Мектеп Жарғысы мен білім беру үдерісінін үйымдасту тәртібін белгілеуші басқа құқық орнатушы және нормативтік күжаттармен, сонын ішінде осы Ережемен танысуға;
- 5.23. Білім беру үдерісінін барысы және мазмұнымен, окушылардың бағаларымен танысуға;
- 5.24. Сабактарға (әкімшілік пен оқытушының келісімімен) және оку, окудан тыс қызметтің басқа түрлеріне қатысуға;
- 5.25. Колданыстағы заңнаманың шенберінде еріктіліктің негізінде сыныптың, мектептің дамуына қайырымдылық түрінде материалдық көмек көрсетуге;
- 5.26. Мектеп Жарғысы мен осы Ереже шарттарының орындалуын талап етуге.

**Ата-аналардың(занды өкілдердің) және басқа адамдардың мектепке келу ережелері**

### **1. Жалпы ережелері**

1. Білім беру мекемесіне келу мектеп әкімшілігімен немесе педагогтарымен алдын ала келісімі бойынша рұқсат етіледі.
2. Мектеп қызметкерлері тағайындалған кездесулер туралы алдын ала күзет қызметіне жазбаша түрде хабарлайды.
3. Сынып жетекшілері әкімшілікті және кезекші күзетшіні сыныптық ата-аналар жиналыстары, ата-аналар комитеттерінің отырыстары және бөгде адамдардың болуына байланысты іс-шаралар туралы алдын ала хабардар етіп, келуді есепке алу журналына міндепті түрде жазып отыруга міндепті.
4. Бастауыш мектеп мұғалімдері ата-аналардың назарына оку күнін аяқтау тәртібін жеткізеді, үйымдастан түрде балаларды киіндіреді және оларды мектептен шығуға шығарып салады.
5. Балаларды мектепке алып баратын немесе сабактан кейін баланы алып кету, косымша сабактарға (секцияларға, үйірмелерге, факультативтерге) қатысу мақсатында келген атааналар балаларды вахта холлында күтеді.

### **6. Мектепке барған кезде тыйым салынады:**

- қоғамдық тәртіпті бұзу;
- өзінізben бірге атыс каруын, газды, пневматикалық және сұық каруды, пиротехники, арийы корғаныс құралдарын, есірткі заттарын алып келу;
- өзінізben бірге спирттік ішімдіктерді алып келу және ішу, шылым шегу;
- мектеп қызметкерлерінің жұмысына, оку процесіне кедергі жасау;
- жануарларды өзімен бірге алып келу;

- сауда жасау және жарнамалық қызметпен айналысу.
7. Мектепке бөгде адамдарды жіберуге (білім беру процесін жүзеге асырумен тікелей байланысы жоқ және окушылар немесе олардың ата-аналары (занды өкілдері) болып табылмайтын азаматтар) білім беру мекемесінің әкімшілігімен келісім бойыншаға рұксат етіледі.
- 8.Әкімшіліктің рұксатымен ботен адамдарды жіберу мектеп вахтасында болатын журналга келу максаты міндетті түрде жазылып, келушінің жеке басын анықталғаннан кейінға мүмкін болады.
9. Мектеп қызметкерлері төмөндегідей жағдайларда келушінің мектептен және оған іргелес аумақтан шығарып тастауга құқылы:
- объектідегі когамдық тәртіп пен қауіпсіздікті бұзу;
  - мектепке іргелес аумақта мақсатызы болу және объектінің калыпты тіршілігіне кедергі жасау;
  - мектеп гимаратындағы және оған іргелес аумактагы мүліктің сакталуына кол сұғу;
  - мектеп қызметкерлері мен окушыларына дөрекілік көрсету;
  - келуші өз әрекеттерін бақыламаса, жаңжал жағдайларын тудырса, оның мінездікілік күлкін болса келушілердің ар-намысы мен кадір-касметін корлаган кезде;
10. Шұғыл тәртіптің барлық мәселелерін кезекші әкімші шешеді.
11. Ата-аналардың мектепке кіруіне мектеп әкімшілігімен немесе педагогтарымен алдын ала келісімі бойынша рұксат етіледі.
12. Мектеп қызметкерлерінің бірімен кездесу үшін:
- кездесудің уақыты мен орын туралы алдын-ала келісу;
  - мектепке белгіленген уақытта жеке басын куаландыратын құжатпен келу;
  - вахтерге жүтіну және өзінің келуін тіркеу: аты-жөнін, келу максатын, кездесу жоспарланған мектеп қызметкерінің атын атау, жеке басын куаландыратын құжатты ұсыну.
- Есінізде болсын, мұғалімдермен кездесу тек оку үрдісінен кейін мүмкін болады!**  
**Мұғалімдер мен окушыларды сабактан шакыруға тыбым салынады!!!**

## **6. Мектептегі кезекші әкімшіліктің қызметтік иұскаулығы**

### **1. Жалпы ережелері**

- 1.1 Кезекші әкімшілік мектеп директорының бүйрығы негізінде директор орынбасарларымен бекітіледі.
- 1.2 Кезекші әкімшілік тікелей мектеп директорына бағынады.
- 1.3 Кезекші әкімшілікке ұйымдастыру сұраптары бойынша тікелей бағынады:
- Кезекші сыныптардың сынып жетекшілері;
  - Кезекші мұғалімдер.
- 1.4 Кезекші әкімшілік өзінің қызметінде КР «Білім туралы» Заны, КР Енбек кодексі, КР «Бала құқығы туралы» ратификациялаған конвенция, КР азаматтық кодекс зандары мен КР мемлекеттік білім бағдарламасының қаулысы, КР «Неке және отбасы туралы» Занын, мектеп ережесін, КР Білім министрлігі мен баска да мекемелердің білімге қатысты сұраптарды, әкімшілік, еңбек, шаруашылық зандамаларын, енбекті корғау нормасы, қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігін сақтау ережелерін және мектептің құқықтық актілерін (оның ішінде ішкі енбек тәртіп

ережелері) басшылықка алады. Кезекші әкімшілік балалар құқығын коргау Конвенциясын сактайды.

## **2. Қызметі**

Кезекші әкімшілік қызметінің негізгі бағыттарына кіретін:

2.1 Өзінін кезекші кезінде тәрбие мен білім беру үрдісін КР заңнамаларымен мектеп Уставына сәйкес үйымдастырады.

## **3. Қызметтік міндеттері:**

Кезекші әкімшілік келесі қызметтік міндеттерді аткаруы тиіс:

### **3.1 Үйымдастырады:**

- тәрбие мен білім беру үрдісіне қатысты барлық сабак кестесі, үйірме, секциялардың және т.б жургізуін;
- қажет болған жағдайда, авария қызметін шакыру және кадағалау;

### **3.2 Бағыттайты:**

- алдекандай жағдайларда коммуналдық авариялық және орт, су арнайы қызметкерлермен біргіп, мектеп окушыларын, қызметкерлерін бағыттау жұмыстарына;

### **3.3 Әлдекандай жағдайларда баскарады:**

- авариялық және арнайы топтардың жұмысын үйымдастыруды;
- мектеп қызметкерлерімен окушылардың қызметін үйымдастыруды;
- қызметкерлермен окушыларды көшіруді;

### **3.4 Бакылайды:**

- мектептің ішкі енбек ережесінің орындалуымен, қызметкерлердің жұмыс тәртібін;
- окушылардың тәргіл ережелерін;
- барлық білім беру үрдісіне қатысты үйірме, секция т.б кестелерінің сакталуын;

### **3.5 Гүзетеді:**

- оқыс жағдайларда үйірме, секция т.б кестелерін;

### **3.6 Кеңес береді:**

- оку-тәрбие үрдісін үйымдастыру сұраптары бойынша мектеп окушыларына, окушыларға, және олардың ата-аналарына (занды өкілдеріне)

### **3.7 Қамтамасыз етеді:**

- алдекандай жағдайларда коммуналдық авариялық және арнайы қызметкерлер, ата-аналирмен, жергілікті өзін-өзі басқару үйымымен тиімді өзара байланысты;
- өз кезекшілігінде барлық білім беру үрдісінде мектептің жұмыс пен сабак кестесін бұзушылардан себебі туралы жазбаша түсініктеме алу;

## **Құқылы:**

Кезекші әкімшілік

- 4.1.өз кезекшілігінде тәрбие-білім беру үрдісін үйымдастыруға байланысты көз-келген шешім кабылдан баскаруга;
- 4.2.Мектеп қызметкерлерінен мектептің ішкі еңбек ережесі,қызметкерлерінің жұмыс тәртібі,сабак,үйірме,секция т.б кестелерінің сақталуын талап етуге;
- 4.3 Мектеп қызметкерлеріне міндеттерді беліп беруге;
- 4.4 Оку тәрбие үрдісіндегі мадактау және ескерту туралы бекітілген ережелер бойынша окушыларды тәртіптік жауапкершілікке тарту.
- 4.5 Мектеп қызметкерлерін жауапкершілік тәртіпке ұсынуға;

### **Жауапты**

- 5.1. Мектептің ішкі тәртіп ережесі мен Жарғысын мүлдем орындағаны немесе себепсіз орындаамағаны үшін мектеп директорының және жергілікті нормативті актілері мен қызметтік міндеттерін осы койылған нұскаулыштарды,оның ішінде ұсынылған ұсынылмаган ережені колданбағаны үшін.
- 5.2.Кезекші әкімшілік жеке окушыға дене жаракаты мен психикалық түргыда бір рет нұксан келтіргені үшін аткарып отырған қызметінен КР-ның «Білім беру туралы» Заны мен Қибек Кодексі талаптары негізінде босатылады.
- 5.3. Әкімшілік өзінің қызметтік міндетін аткаруда мектепке немесе білім беру үрдісіне катысушыға нұксан келтіргені үшін бекітілген еңбек және азаматтық заннамалармен материалдық жауапкершілікті камтиды. Өзара карым-катынас. Қызметіне байланысты.

### **7.Кезекші әкімшілік:**

- 5.5. Мектеп директорының бекітілген кестесімен жұмыс істейді;
- 5.6.Мектептегі окушылардың өмірі мен деңсаулығына байланысты болған барлық оқыс жағдайлардың талапқа сай орындалуын хабарлайды.

Мектеп директоры:

Д.М.Елғондина

Кәсілодақ төрайымы:

Ж.Б.Султанғалиева

Камкоршылық кеңес төрагасы: Р.Шилманов